

Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылына байланысты рақымшылық жасау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы. 1999 жылғы 13 шілде N 415-І.

Осы Заң ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылына байланысты, адамгершілік принциптерін басшылыққа ала отырып, шығарылды.

1-бап. Белгіленген жазалау шарасына қарамастан мынадай сотталғандар:

1) бұрын тәрбиелеу колонияларында ұсталмаған кәмелетке толмағандар және қылмыс жасау кезінде кәмелетке толмаған адамдар;

2) 16 жасқа толмаған балалары немесе I және II топтағы мүгедек балалары бар әйелдер, сондай-ақ жүкті әйелдер;

3) 16 жасқа толмаған балалары немесе I және II топтағы мүгедек балалары бар болып, олардың аналары, қамқоршылары (қорғаншылары) болмаған жағдайда, ер адамдар;

4) 50 жастан асқан әйелдер мен 55 жастан асқан ер адамдар;

5) еңбекке жарамды басқа балалары жоқ болған жағдайда 63 жастан асқан ата-аналары (олардың біреуі) бар әйелдер мен ер адамдар;

6) 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдар;

7) әскери және интернационалдық борышын атқару кезінде қаза тапқан әскери қызметшілердің жесірлері, күйеулері соғыс мүгедектері және оларға теңестірілген адамдар болып табылатын әйелдер;

8) I және II топтағы мүгедектер, сондай-ақ онкологиялық ауруы бар науқастар (екінші, үшінші және төртінші клиникалық топтар);

9) туберкулездің белсенді нысанымен ауыратын науқастар (диспансерлік есептің бірінші тобының "А" және "Б" топшалары және бесінші тобының "А" топшасы);

10) тәртіптік әскери бөлімде ұстауға немесе қамауға алуға сотталған әскери қызметшілер бас бостандығынан айыру түріндегі жазадан және бас бостандығынан айырумен байланысты емес басқа да жазалардан босатылсын.

2-бап. Осы Заңның 1-бабының күші қолданылмайтын, қоса есептегенде бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған, жаза мерзімінің кемінде үштен бірін өтеген, кәмелетке толмағандар бас бостандығынан айыру түріндегі жазадан босатылсын.

3-бап. Осы Заңның 1-бабының күші қолданылмайтын, онша ауыр емес және орташа ауырлықтағы қылмыстары үшін қоса есептегенде бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға бірінші рет сотталған адамдар жазадан босатылсын.

4-бап. Осы Заңның 1-3-баптарының күші қолданылмайтын, қоса есептегенде алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға бірінші рет сотталған, жаза мерзімінің кемінде үштен бірін өтеген адамдар жазадан босатылсын.

5-бап. Осы Заңның 1-4-баптарының күші қолданылмайтын, жазасының өтелмеген бөлігі алты айдан кем болатын сотталғандар жазадан босатылсын.

6-бап. Осы Заңның 1-5-баптарының күші қолданылмайтын, қоса есептегенде үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған, жаза мерзімінің кемінде үштен бірін өтеген адамдар жазадан босатылсын.

7-бап. Осы Заңның 1-6-баптарының күші қолданылмайтын, оң мінездемесі болған сотталғандарға арналған колония-қоныстарға көшірілген, жаза мерзімінің кемінде жартысын өтеген сотталғандар жазадан босатылсын.

8-бап. Бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалау шараларына сотталған адамдар, егер бұл жаза негізгі жаза түрінде қолданылып, бас бостандығынан айырумен ауыстырылмаса, жазадан босатылсын.

9-бап. Абайсызда жасалған қылмыстар үшін сотталған, жаза мерзімінің кемінде үштен бірін өтеген адамдар жазадан босатылсын.

10-бап. Онша ауыр емес және ауырлығы орташа әскери қылмыстар жасаған әскери қызметшілер, сондай-ақ әскери қызметке шақырылудан жалтарған әскери міндеттілер жазадан босатылсын.

11-бап. Осы Заңның 1 және 2-баптары негізінде босатуға жатпайтын, қоса есептегенде бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған кәмелетке толмағандарға жазасының өтелмеген бөлігінің жартысы қысқартылсын.

12-бап. Осы Заңның 1 және 3-6-баптары негізінде босатуға жатпайтын, бас бостандығынан айыруға:

- 1) онша ауыр емес және ауырлығы орташа қасақана қылмыстары үшін сотталған;
- 2) Осы Заң күшіне енетін күнге тағайындалған жаза мерзімінің кемінде жартысын өтеген, ауыр қылмыстары үшін сотталған адамдарға жазасының өтелмеген бөлігінің жартысы қысқартылсын.

13-бап. Бас бостандығынан айыруға бұрын бір реттен артық сотталмаған, осы Заңның 1-10-баптарының күші қолданылмайтын, жаза мерзімінің кемінде үштен бірін өтеген адамдарға жазасының өтелмеген бөлігінің үштен бірі қысқартылсын.

14-бап. Осы Заңның 1 және 9-баптарының күші қолданылмайтын, абайсызда қылмыстар жасаған адамдарға жазасының өтелмеген бөлігінің үштен екісі қысқартылсын.

15-бап. Осы Заңның 1-14-баптарының күші қолданылмайтын, жаза мерзімінің жартысын өтеген кәмелетке толмағандар мен әйелдерге жазасының өтелмеген бөлігінің жартысы қысқартылсын.

16-бап. Осы Заңның 1 және 10-баптарында көрсетілген адамдар осы Заң күшіне енгенге дейін жасаған қылмыстар туралы, сондай-ақ бес жылға дейін бас

бостандығынан айыру немесе бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза көзделген қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауапқа тартылуға тиісті адамдарға қатысты жүргізіліп жатқан барлық қылмыстық істер мен соттарда қаралмаған істердің жүргізілуі тоқтатылсын.

17-бап. Мынадай болып белгіленсін:

1) осы Заңның 1-бабының 1) тармақшасында аталған адамдарға сотталған болса да тәрбиелеу колониясында ұсталмаған кәмелетке толмағандар жатады;

2) Осы Заңның 1-бабының 2) тармақшасында аталған адамдарға аналық құқығынан айрылмаған және осы Заң күшіне енетін күнге 16 жасқа толмаған, соның ішінде асырап алған не қамқорлыққа алған балалары бар немесе жасына қарамастан I және II топтардағы мүгедек балалары бар әйелдер; осы Заң күшіне енетін күнге жүкті болған әйелдер жатады;

3) осы Заңның 1-бабының 4) тармақшасында аталған адамдарға осы Заң күшіне енгенге дейін 55 жасқа толған және жасы одан асқан ер адамдар мен 50 жасқа толған және жасы одан асқан әйелдер жатады. Бұл орайда осы Заңның 1-бабының 4) тармақшасында көрсетілген жасқа жеткен адамдардың туған күні мен айын растайтын құжаттар болмаған жағдайда 1950 жылғы 1 қаңтарға дейін туған әйелдер мен 1945 жылғы 1 қаңтарға дейін туған ер адамдар есептелуі керек;

4) осы Заңның 1-бабының 6) тармақшасында аталған адамдарға: Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері және оларға теңестірілген:

Ұлы Отан соғысы кезеңінде, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағын қорғау жөніндегі басқа да ұрыс операциялары кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтар мен мекемелерде қызмет атқарған әскери қызметшілер, Ұлы Отан соғысының партизандары мен астыртын қимыл жасаушылары;

1945 жылы Жапонияға қарсы ұрыс қимылдарына қатысқан бұрынғы КСР Одағы Қарулы Күштері бөлімдері мен құрамаларының әскери қызметшілері мен ерікті жалданушылары;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде қорғанысқа қатысуы майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне белгіленген жеңілдікті жағдайларда зейнетақы тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарына есептелетін қалаларда қызмет атқарған әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары;

Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдамалы құрамының Ұлы Отан соғысы кезеңінде майдандағы армияның құрамына енген әскери бөлімдерінде, штабтары мен мекемелерінде штаттық лауазымдарда болған не тиісті кезеңдерде қорғанысқа қатысуы майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне белгіленген жеңілдікті жағдайларда зейнетақы тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарына есептелетін қалаларда болған адамдар;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде майдандағы армия мен флоттың құрамына енген әскери бөлімдердің, штабтар мен мекемелердің құрамында полк балалары (тәрбиеленушілері) және юнгалар ретінде болған адамдар;

екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шетелдер аумағында партизан отрядтарының, астыртын қимыл жасаушы топтардың және басқа да антифашистік құрамалардың құрамында фашистік Германия мен оның одақтастарына қарсы ұрыс қимылдарына қатысқан адамдар;

бұрынғы КСР Одағы мемлекеттік органдарының шешіміне сәйкес басқа мемлекеттер аумағында ұрыс қимылдарына қатысқан Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басшы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса алғанда);

ұрыс қимылдарын жүргізу кезеңінде оқу жиындарына шақырылып, Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер;

ұрыс қимылдарын жүргізу кезеңінде Ауғанстанға жүк жеткізу үшін сол елге жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері;

бұрынғы КСР Одағы аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмалармен ұшқан ұшқыштар құрамының әскери қызметшілері;

Ауғанстандағы кеңес әскери контингентіне қызмет көрсеткен, жарақаттанған, жарымжан болған немесе зақымданған, не ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған жұмысшылар мен қызметшілер;

Кеңес Одағының Батырлары және Даңқ орденінің үш дәрежесімен марапатталған адамдар, Социалистік Еңбек Ерлері;

Бұрынғы КСР Одағы Қатынас жолдары халық комиссариатының арнаулы құрамаларының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жүзу құрамы мен кәсіпшілік және көлік кемелерінің ұшу-көтеру құрамының, авиацияның ұшу-көтеру құрамының, бұрынғы КСР Одағы Балық өнеркәсібі халық комиссариатының, Теңіз және өзен флотының, Солтүстік теңіз жолы бас басқармасы авиациясының ұшу-көтеру құрамының Ұлы Отан соғысы кезеңінде әскери қызметшілер жағдайына көшірілген және ұрысқа қатысушы майдандардың тылдағы шекаралары мен флоттың жедел қимылдар шегіндегі аймақтарында майдандағы армия және флот мүдделері үшін міндеттер атқарған қызметкерлері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының басында басқа мемлекеттердің порттарында еріксіз ұсталған көлік флоты кемелері экипаждарының мүшелері;

екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистер құрған концентрациялық лагерьлердің геттолардың және басқа да еріксіз қамауда ұстау орындарының бұрынғы кәмелетке толмаған тұтқындары;

Ленинград қаласындағы қоршау кезеңінде қаланың кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен марапатталған азаматтар және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен марапатталған адамдар;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы ерлік еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағы ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдар;

1979 жылғы 1 желтоқсан - 1989 жылғы желтоқсан аралығындағы кезеңде Ауғанстанға және ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да елдерге жұмысқа жіберілген жұмысшылар мен қызметшілер;

бұрынғы КСР Одағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Ауғанстан аумағында уақытша болған және кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің құрамына кірмеген жұмысшылары мен қызметшілері;

Чернобыль атом электр станциясындағы апат пен Семей ядролық полигонындағы жарылыстардың салдарынан зардап шеккен және мүгедек болып қалған азаматтар;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде майданда әскери қимылдар ауданында, темір жолдардың майдан маңындағы учаскелерінде, қорғаныс шептері, әскери-теңіз базалары мен аэродромдар құрылыстарында жарақаттану, жарымжан болу, зақымдану немесе сырқаттану салдарынан мүгедек болып қалған Ұлы Отан соғысының майдандағы армиясының әскери қызметшілері, партизандары мен астыртын қимыл жасаушылары, сондай-ақ тиісті санаттардағы жұмысшылары мен қызметшілері және зейнетақымен камсыздандыру жөнінен әскери қызметшілерге теңестірілгендер;

1945 жылы Жапониямен соғыс барысында жарақаттану, жарымжан болу, зақымдану немесе сырқаттану салдарынан мүгедек болып қалған бұрынғы КСР Одағы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілері мен ерікті жалданушылары;

бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде, басқа кезеңдерде әскери қызметтің өзге де міндеттерін атқару кезінде алған жарақаттану, жарымжан болу, зақымдану салдарынан немесе майданда болуына байланысты сырқаттану салдарынан, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттерде әскери қызмет өтеген кезде мүгедек болып қалған әскери қызметшілер;

қызмет міндеттерін атқару кезінде жарақаттану, жарымжан болу, зақымдану салдарынан не майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде қызмет міндеттерін атқаруына байланысты сырқаттану салдарынан мүгедек болып қалған бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының қатардағы және басшы құрамының адамдары;

басқа елдерде іс-қимылдар жасаған әскери контингенттерге қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдарын жүргізу кезеңінде жарақаттану, жарымжан болу, зақымдану не сырқаттану салдарынан мүгедек болып қалған жұмысшылар мен тиісті санаттағы қызметшілер қатарындағы адамдар жатады;

5) осы Заңның 1-бабының 7) тармақшасында аталған адамдарға:

жауынгерлік немесе қызметтік борышын атқару кезінде қаза тапқан немесе хабар-ошарсыз кеткен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілерінің, Ішкі істер министрлігінің, бұрынғы КСР Одағы Қарулы Күштері мен тиісті органдарының қатардағы және басшы құрамының басқа тіркелген некеге тұрмаған жесірлері;

соғыс мүгедектері мен оларға теңестірілген адамдардың әйелдері;

Ұлы Отан соғысының қайтыс болған мүгедектері мен оларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (күйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандар мен астыртын қимыл жасаушылардың, Ленинград қаласында қоршау кезеңінде қаланың кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен, "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен марапатталған, жалпы ауруының, жұмыс кезінде жарақаттануы және басқа да себептер нәтижесінде мүгедек деп танылған азаматтардың (мүгедектігі құқыққа қарсы әрекет салдарынан болғандардан басқа) басқа тіркелген некеге тұрмаған әйелдері (күйеулері) жатады;

6) осы Заңның 1-бабының 8) тармақшасында аталған адамдарға осы Заң күшіне енгенге дейін белгіленген тәртіппен I және II топтағы мүгедектер деп танылғандар, сондай-ақ осы Заң күшіне енгенге дейін берілген тиісті медициналық қорытындының негізінде есепте тұрған онкологиялық аурулары бар науқастар және осы Заңның орындалу мерзімі ішінде онкологиялық ауруы бар деп танылған адамдар жатады;

7) осы Заңның 1-бабының 9) тармақшасында аталған адамдарға осы Заң күшіне енгенге дейін белсенді нысандағы туберкулезбен ауыратындар болып танылған және осы Заң күшіне енгенге дейін берілген тиісті медициналық қорытынды негізінде диспансерлік есептің бірінші және бесінші тобында тұрған адамдар мен осы Заңды орындау мерзімі ішінде белсенді нысандағы туберкулезбен ауыратындар болып танылған адамдар жатады;

8) осы Заңның 1-бабының 1) тармақшасында және 2-бабында аталған адамдарға осы Заң күшіне енетін күнге 18 жасқа толмаған еркектер мен әйелдер, сондай-ақ осы Заңның күшіне ену кезінде 18 жасқа толған, бірақ қылмыс жасаған кезде кәмелетке толмаған адамдар жатады;

9) осы Заңның 2-бабында аталған адамдарға бұрын екі реттен кеп сотты болмаған және тәрбиелеу колонияларында ұсталған кәмелетке толмағандар жатады. Бұл орайда:

бұрын бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалау шараларына сотталған;

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 63-бабына (Қазақ ССР Қылмыстық кодексінің 40-бабына) сәйкес бас бостандығынан айыруға сотталған;

сот үкімі заңды күшіне енгенге дейін уақытша ұстау изоляторларында немесе тергеу изоляторларында болған адамдарды бұрын тәрбиелеу колонияларында ұсталғандар ретінде қарауға болмайды.

18-бап. Осы Заң:

1) сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру түріндегі жаза Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 63-бабы (Қазақ ССР Қылмыстық кодексінің 40-бабы) қолданыла отырып белгіленген сотталғандарға;

2) бас бостандығына айыруға сотталып, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 72-бабына сәйкес сот үкімінің орындалуы кейінге қалдырылған жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдерге;

3) егер осы Заң күшіне енгеннен кейін алты айдан кешікпей әскери комиссариаттардың таяу жердегі органдарына, әскери-тергеу органдарына, әскери прокуратураларға және әскери полицияға кінәсін мойындап келген жағдайда әскери қызметке шақырудан жалтарған әскери міндеттілер және осы Заң күшіне енгенге дейін онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыстар жасаған әскери қызметшілерге қолданылады.

19-бап. Осы Заң:

1) сот үкімі бойынша ерекше қауіпті қылмыскерлер деп танылған, сондай-ақ қауіпті не ерекше қауіпті деп танылған қайталанған қылмыс жасаған;

2) кешірім жасау тәртібімен өлім жазасы бас бостандығынан айырумен ауыстырылған сотталған;

3) ауыр қылмыс және аса ауыр қылмыс жасағаны үшін бұрын екі және одан көп соттылығы болған, сондай-ақ бұған дейін рақымшылық немесе кешірім жасалған және қайта қасақана қылмыс жасаған;

4) жазаны өтеудің белгіленген тәртібін әдейі бұзған және жазасын өтеу мерзімінде қасақана қылмыс жасаған;

5) Қазақ ССР Қылмыстық кодексінде көзделген мынадай қылмыстар: отанға опасыздық (50-бап); шпиондық (51-бап); террорлық акт (52-бап); шетелдік мемлекеттің өкіліне қарсы террорлық акт (53-бап); диверсия (54-бап); соғысты насихаттау (57-бап); ұлттық және нәсілдік тең құқықтылықты бұзу (60-баптың үшінші бөлігі); жалдамалылық (62-2-баптың екінші бөлігі); бандитизм (63-бап); еңбекпен түзеу мекемелерінің жұмысына іріткі салатын әрекеттер (63-1-бап); қылмыстық топты не қылмыстық қоғамдастықты ұйымдастыру немесе басқару, қылмыстық қоғамдастыққа қатысу (63-2-баптың екінші бөлігі); контрабанда (64-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері); жаппай тәртіпсіздік (65-бап); жылжымалы темір жол составын, әуе, теңіз немесе өзен кемелерін айдап әкету не басып алу (72-1-баптың екінші және үшінші бөліктері); жасанды ақшаны немесе бағалы қағазды қолдан жасау немесе өткізу (73-баптың екінші бөлігі); ұрлық (76-баптың үшінші бөлігі); тонау (76-1-баптың екінші және үшінші бөліктері); шабуыл жасап тонау (76-2-бап); алаяқтық (76-3-баптың үшінші бөлігі); бөгде мүлікті меншіктену немесе жұмсап қою жолымен немесе қызмет бабын теріс пайдаланып қиянат жасау жолымен талан-таражға салу (76-4-баптың үшінші бөлігі); қорқытып алу (76-7-баптың екінші және үшінші бөліктері); бөгде мүлікті

қасақана бүлдіру немесе жою (82-бап); қасақана кісі өлтіру (88-бап); денені ауыр дәрежеде қасақана жарақаттау (93-бап); әйелді зорлау (101-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері); еркек пен еркектің жыныс қатынасын жасасуы (104-баптың екінші бөлігі); адамды кепілге алу және кепілдікте ұстау (115-1-бап); адам ұрлау (116-бап); өкімет билігінің немесе қызмет өкілдігінің шегінен шығу (144-баптың екінші бөлігі); пара алу (146-бап); ішкі істер органдары қызметкерінің, халық жасақшысының, анықтама жүргізуші адамның, тергеушінің, прокурордың, судьяның немесе халық заседателінің өміріне қастық әрекет (173-1-бап); куәні, жәбірленушіні, экспертті немесе аудармашыны өтірік жауап беруге зорлау (187-1-баптың үшінші бөлігі);

әділетсіз үкім, шешім, ұйғарым немесе қаулы шығару (191-баптың екінші бөлігі); анықтама жүргізуші адамға, тергеушіге, прокурорға, судьяға немесе халық заседателіне қатысты қауіп төндіру (191-2-бап); еңбекпен түзеу мекемесі әкімшілігінің талаптарына қасақана бағынбау (199-2-баптың екінші бөлігі); бұзақылық (200-баптың екінші бөлігі) атылатын қару-жарақты, оқ дәріні немесе жарылғыш заттарды ұрлау (203-бап); наркотик заттарды ұрлау (213-1-баптың екінші және үшінші бөліктері); наркотик заттарды қолдануға азғыру (213-2-баптың екінші бөлігі); наркотик заттарды заңсыз жасау, алу, сақтау, тасу, жіберу немесе өткізу (214-баптың екінші, үшінші, төртінші және бесінші бөліктері); притон ұстау және жеңгетайлық (215-1-баптың бесінші бөлігі); көлік құралдарын айдап әкету (221-баптың екінші және үшінші бөліктері); бағынбау (225-баптың "в" тармағы); бұйрықты орындамау (226-баптың "в" тармағы); бастыққа қарсылық көрсету немесе оны қызмет міндеттерін бұзуға зорлау (227-баптың "б" және "в" тармақтары); бастыққа зорлық әрекеттер жасау (229-баптың "б" тармағы); бір-біріне бағынбайтын әскери қызметшілердің өзара қарым-қатынастың уставтық ережелерін бұзуы (231-баптың "в" тармағы); дезертирлік (234-баптың "г" тармағы); ұрыс жағдайында бөлімді өз бетімен тастап кету (235-бап); өзінің дене мүшесіне зақым келтіру жолымен немесе басқа тәсілмен әскери қызметтен бұлтару (236-баптың "б" тармағы); қарауыл қызметінің уставтық ережелерін бұзу (242-баптың "е" тармағы); жауынгерлік кезекшілік атқару ережелерін бұзу (244-баптың "в" және "г" тармақтары); соғыс құпиясын жариялау немесе соғыс құпиясы жазылған документтерді жоғалту (246-баптың "в" тармағы); әкімдікті пайдаланып, қиянат жасау, әкімдіктің шегінен шығу немесе міндетті қызметін атқармау (247-баптың "б" және "в" тармақтары); соғыс жүргізу құралдарын жауға беру немесе тастап кету (248-бап); суға батып бара жатқан соғыс кемесін тастап кету (249-бап); өз еркімен тұтқынға берілу (251-бап); тонау (253-бап); соғыс жүріп жатқан аудандағы халыққа зорлық жасау (254-бап); сондай-ақ Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 1995 жылғы 12 мамырға дейінгі редакциясындағы: тонау (133-баптың екінші, үшінші және төртінші бөліктері); шабуыл жасап тонау (134-бап); қорқыту арқылы талап ету (135-баптың екінші және үшінші бөліктері); мүлікті қасақана жою немесе бүлдіру (141-баптың екінші бөлігі) үшін сотталған;

6) Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген мынадай қылмыстар: адам өлтіру (96-бап); денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру (103-бап); ауыстырып салу не өзгедей пайдалану үшін адамның органдарын немесе тінін алуға мәжбүр ету (113-баптың 2 және 3-бөліктері); зорлау (120-баптың 2 және 3-бөліктері); нәпсіқұмарлық сипатындағы күш қолдану (121-баптың 2 және 3-бөліктері); адамды ұрлау (125-бап); бас бостандығынан заңсыз айыру (126-баптың 3-бөлігі); адамдарды пайдалану үшін азғырып-көндіру (128-баптың 3-бөлігі); кәмелетке толмаған адамды қылмыстық іске тарту (131-баптың 3 және 4-бөліктері); кәмелетке толмағандарды саудаға салу (133-баптың 3-бөлігі); басқыншылық соғысты жоспарлау, әзірлеу, тұтандыру немесе жүргізу (156-бап); жаппай қырып-жою қаруын өндіру немесе тарату (158-бап); соғыс жүргізудің тыйым салынған құралдары мен әдістерін қолдану (159-бап); геноцид (160-бап); экоцид (161-бап); жалдамалылық (162-бап); халықаралық қорғау аясындағы адамдарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау (163-бап); мемлекеттік опасыздық (165-бап); шпионаж (166-бап); мемлекет немесе қоғам қайраткерінің өміріне қастандық жасау (167-бап); өкіметті күшпен басып алу немесе өкіметті күшпен ұстап тұру (168-бап); қарулы бүлік (169-бап); диверсия (171-бап); ұрлық (175-баптың 3-бөлігі); сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету (176-баптың 3-бөлігі); алаяқтық (177-баптың 3-бөлігі); тонау (178-баптың 2 және 3-бөліктері); қарақшылық (179-бап); ерекше құнды заттарды ұрлау (180-бап); қорқытып алушылық (181-баптың 2 және 3-бөліктері); автомобильді немесе өзге де көлік құралдарын ұрлау мақсатынсыз заңсыз иелену (185-баптың 2, 3, 4-бөліктері); бөтен адамның мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру (187-баптың 3-бөлігі); жалған ақша немесе бағалы қағаздар жасау немесе сату (206-баптың 2 және 3-бөліктері); экономикалық контрабанда (209-баптың 3-бөлігі); терроризм (233-бап); адамды кепілге алу (234-бап); ұйымдасқан қылмыстық топты немесе қылмыстық қауымдастықты (қылмыстық ұйымды) құру және оны басқару қылмыстық қоғамдастыққа қатысу (235-бап); заңсыз әскерилендірілген құраманы ұйымдастыру (236-баптың 1-бөлігі); бандитизм (237-бап); үйлерді, құрылыстарды, қатынас және байланыс құралдарын басып алу (238-баптың 2 және 3-бөліктері); әуе немесе су көлігін не жылжымалы темір жол составын айдап әкету, сонымен бірдей қолға түсіру (239-бап); теңіз қарақшылығы (240-бап); жаппай тәртіпсіздіктер (241-баптың 1 және 2-бөліктері); радиоактивті материалдарды ұрлау немесе қорқытып алу (248-баптың 2 және 3-бөліктері); айналыстан алынған заттардың немесе айналысы шектенген заттардың контрабандасы (250-баптың 2 және 3-бөліктері); қаруды, оқ дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылғыш құрылғыларды заңсыз сатып алу, беру өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру (251-баптың 3-бөлігі); қаруды заңсыз жасау (252-баптың 3-бөлігі); қаруды, оқ-дәріні, жарылғыш заттар мен жару құрылғыларын ұрлау не қорқытып алу (255-бап); бұзақылық (257-баптың 3-бөлігі); есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды заңсыз дайындау, алу, сақтау, тасымалдау, жөнелту немесе сату (259-баптың 2, 3 және 4-бөліктері); есірткі заттарды

немесе жүйкеге әсер ететін заттарды ұрлау не қорқытып алу (260-бап); есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтынуға көндіру (261-баптың 2 және 3-бөліктері); құрамында есірткі заттар бар, өсіруге тыйым салынған өсімдіктерді заңсыз өсіру (262-баптың 2-бөлігі); есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды дайындау үшін пайдаланылатын шикізаттың, аспаптардың немесе жабдықтардың заңсыз айналымы (263-баптың 2-бөлігі); есірткі заттарды немесе жүйкеге әсер ететін заттарды тұтыну үшін притондар ұйымдастыру немесе ұстау (264-баптың 2-бөлігі); қызмет өкілеттігін теріс пайдалану (307-баптың 3-бөлігі); билікті немесе қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану (308-баптың 3-бөлігі); пара алу (311-баптың 2, 3 және 4-бөліктері); өкімет өкіліне қатысты күш қолдану (321-баптың 2-бөлігі); сот төрелігін немесе алдын ала тергеуді жүзеге асырушы адамның өміріне қол сұғу (340-бап); сот төрелігін жүзеге асыруға немесе алдын ала тергеу жүргізуге байланысты қорқыту немесе күш көрсету әрекеттері (341-баптың 4-бөлігі); көрінеу кінәсіз адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту (344-баптың 2-бөлігі); көрінеу заңсыз ұстау, қамауға алу немесе қамауда ұстау (346-баптың 3-бөлігі); жауап беруге мәжбүр ету (347-баптың 2-бөлігі); көрінеу әділетсіз сот үкімін, шешімін немесе өзгедей сот актісін шығару (350-баптың 2-бөлігі); көрінеу жалған сөз жеткізу (351-баптың 3-бөлігі); жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу не мәжбүр ету (354-баптың 4-бөлігі); бас бостандығынан айыру орнынан, тұтқындаудан немесе қамаудан қашу (358-баптың 2-бөлігі); қылмыстық-атқару мекемесі әкімшілігінің талаптарына қасақана бағынбау (360-бап); қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз ететін мекемелердің қалыпты қызметінің тәртібін бұзу (361-бап); бұйрыққа бағынбау немесе оны өзгедей орындамау (367-баптың 3 және 5-бөліктері); бастыққа қарсылық көрсету немесе оны қызметтік міндеттерін бұзуға мәжбүр ету (368-баптың 2 және 3-бөліктері); бастыққа қатысты күш қолдану іс-әрекеттері (369-баптың 2 және 3-бөліктері); бір-бірінің арасында бағыныштылық қатынастары болмаған кезде әскери қызметшілердің арасындағы өзара қарым-қатынастардың жарғылық ережелерін бұзу (370-баптың 3-бөлігі); бөлімді немесе қызмет орнын өз бетімен тастап кету (372-баптың 5 және 6-бөліктері); қашқындық (373-баптың 2 және 3-бөліктері); дене мүшесіне зақым келтіру жолымен немесе өзге тәсілмен әскери қызметтен жалтару (374-баптың 2 және 3-бөліктері); жауынгерлік кезекшілікті атқарудың ережелерін бұзу (375-баптың 2 және 3-бөліктері); қарауыл (вахта) қызметін атқарудың жарғылық ережелерін бұзу (377-баптың 2-бөлігі); билікті теріс пайдалану, биліктің асыра қолданылуы немесе әрекетсіздігі (380-баптың 2 және 3-бөліктері); құрып бара жатқан әскери кемені тастап кету (382-баптың 2-бөлігі); жауға соғыс жүргізу құралдарын беру немесе тастап кету (383-бап); тұтқынға өз еркімен берілу (384-бап); тонаушылық (385-бап); әскери құпияны жария ету немесе әскери құпиясы бар құжаттарды жоғалту (386-баптың 3-бөлігі) үшін сотталған және қылмыстық жауапкершілікке тартылған адамдарға қолданылмайды.

20-бап. Осы Заңның күші:

1) осы Заңның 3 және 4-баптарында аталған, шартты соттау қолданыла отырып немесе жазасын өтеуі кейінге қалдырылып, бұрын бас бостандығынан айыруға сотталған;

2) осы Заңның 7-бабында аталған, Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 63 және 72-баптары (Қазақ ССР Қылмыстық кодексінің 40 және 41-1-баптары) қолданыла отырып бас бостандығынан айыруға сотталған, сот кейіннен шартты соттаудың немесе үкімнің орындалуын кейінге қалдырудың күшін жойып, жазалауды бас бостандығынан айыру түрінде орындауға қаулы шығарған адамдарға қолданылмайды.

21-бап. Осы Заңның орындалуы:

1) бас бостандығынан айыру орындарындағы сотталғандарға қатысты - жазаның орындалуын басқаратын органдарға;

2) қылмыстары жөніндегі істері мен материалдары анықтау және алдын ала тергеу органдарында жүргізіліп жатқан адамдарға қатысты - осы органдарға;

3) мыналарға қатысты:

қылмыстары туралы істері мен материалдары соттардың қарауында жатқан және осы Заң күшіне енгенге дейін қаралмаған, сондай-ақ қылмыстары туралы істері қаралған, бірақ үкімдері заңды күшіне енбеген адамдарға;

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 63-бабына (Қазақ ССР Қылмыстық кодексінің 40-бабына) сәйкес шартты түрде сотталған және үкімдерінің орындалуы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 72-бабында көзделген тәртіппен кейінге қалдырылғандарға;

негізгі жаза түрінде айыппұл тағайындалған адамдарға, егер осы Заң күшіне енгенге дейін айыппұл өндіріліп алынбаса (рақымшылық жасауды үкім шығарған сот шешеді);

жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған және осы Заң күшіне енгенге дейін жазаның өтелмеген бөлігі неғұрлым жеңілірек жазамен ауыстырылған (рақымшылық жасауды қолдану туралы мәселені шартты түрде мерзімінен бұрын босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңілірек жазамен ауыстыру туралы қорытынды шығарған сот шешеді) адамдарға қатысты - соттарға;

4) мына адамдарға қатысты:

үкімдері заңды күшіне енген, бас бостандығынан айыруға сотталған, бірақ қамауға алынбаған;

түзеу жұмыстары, белгілі бір лауазымды иелену немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаны өтеп жүрген адамдарға қатысты - ішкі істер органдарына;

5) жазасын тәртіптік әскери бөлімдерде ұстау немесе гауптвахтаға қамау арқылы өтеуге сотталған әскери қызметшілерге қатысты - тәртіптік әскери бөлімдер мен гауптвахталардың командирлеріне жүктелсін.

Осы Заң орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда осы бапта аталған органдардың тиісті лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікте болады.

22-бап. Осы Заңды қолдану - еңбекпен түзеу мекемесі бастығының прокурор санкция берген қаулысы бойынша, ал тәртіптік әскер бөлімі мен гауптвахтада командирдің әскери прокурор санкция берген қаулысы бойынша жүргізіледі. Осы тармақта аталған қаулыға:

- 1) көтермелеулер мен жазалаулар туралы анықтама;
- 2) сотталған адамның жеке ісі;

3) рақымшылық жасауды қолдану туралы мәселені шешуге қажетті басқа да құжаттар қоса тіркеледі.

23-бап. Соттардың осы Заңды қолдануы кезінде прокурордың қатысуы міндетті.

24-бап. Егер айыпталушы бұған қарсылық білдірсе, анықтау және алдын ала тергеу органдарының рақымшылық жасауды қолдану нәтижесінде істі қысқарту туралы қаулысын прокурор бұзуы мүмкін.

25-бап. Осы Заңның 17-бабының 4) және 5) тармақшаларында аталған адамдарға қатысты рақымшылық жасауды қолдануға осы адамдардың жеңілдіктерге құқығы бар екендігін растайтын құжаттары негіз болып табылады.

26-бап. Осы Заңның 2, 4 - 7, 9, 12 - 15-баптарында көзделген жаза мерзімінің бөлігін өтеу рақымшылық жасау актісінің күшіне енетін күніне есептелетін болып белгіленсін.

27-бап. Бірнеше қылмыстары болған жағдайда, егер олардың біреуіне осы Заңның күші қолданылмаса, рақымшылық жасау қолданылмайды.

28-бап. Егер осы Заң күшіне енетін күнге қосымша жаза орындалмаған болса, рақымшылық жасау қолданылатын адамдар негізгі жазадан да, қосымша жазадан да босатылады.

29-бап. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу ішкі істер органдарының рақымшылық жасау актісін қолдану туралы прокурор бекіткен қаулысы шыққан күннен баптап тоқтатылады.

30-бап. Осы Заңның 11-15-баптарына сәйкес осы Заң күшіне енетін күнге өтелмеген жаза мерзімінің бөлігі қысқартылуға жатады.

31-бап. Жаза мерзімі кешірім немесе рақымшылық жасау тәртібімен қысқартылған адамдарға рақымшылық жасауды қолданған кезде осы актілермен белгіленген жаза мерзімін негізге алу керек.

32-бап. Осы Заңның 19-бабының 3) тармақшасының күші бұрын жазадан (соттылығы алынуына не жойылуына қарамастан) кешірім жасау тәртібімен мерзімінен бұрын немесе мынадай:

1) 1986 жылғы 6 қарашадағы "Сотталған әйелдердің кейбір санаттарын бас бостандығынан айыру орындарынан босату туралы";

2) 1987 жылғы 18 маусымдағы "Ұлы Октябрь Социалистік революциясының 70 жылдығына байланысты амнистия туралы" актілер, сондай-ақ КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1989 жылғы 29 қарашадағы "Ауғанстандағы кеңес әскерлері контингентінің қылмыс жасаған бұрынғы әскери қызметшілеріне амнистия туралы" қаулысы;

3) 1991 жылғы 16 ақпандағы "Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы декларацияның қабылдануына байланысты рақымшылық жасау туралы";

4) 1994 жылғы 5 қазандағы "Халықаралық отбасы жылына байланысты рақымшылық жасау туралы";

5) 1996 жылғы 15 шілдедегі "Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының бір жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы" рақымшылық актілерінің негізінде босатылған адамдарға қолданылады.

33-бап. Рақымшылық жасау актісін қолданған кезде заңмен белгіленген тәртіппен алынып тасталған немесе өтелген соттылықтар, сондай-ақ олар үшін жауапкершілік заңмен жойылған қылмыстар үшін соттылықтар ескерілмейді.

34-бап. Рақымшылық жасауды қолдану туралы мәселе осы Заң күшіне енген күннен бастап алты ай мерзім өткеннен кейін туындаған жағдайда осы Заңның 21 және 36-баптарында көзделген тәртіпте орындалады.

35-бап. Осы Заңның күші ол күшіне енгенге дейін жасалған қылмыстарға және Қазақстан Республикасының (Қазақ КСР-інің) соттары соттаған, сондай-ақ Қазақ КСР-і аумағында жасаған қылмыстары үшін бұрынғы КСР Одағының әскери трибуналдары соттаған адамдарға қолданылады.

36-бап. Қазақстан Республикасының соттары соттаған, бірақ жазасын одан тысқары жерде өтеп жүрген адамдарға рақымшылық жасауды қолдану жөніндегі мәселені Қазақстан Республикасының соттары Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттар негізінде сот үкімін орындау аумағында жүзеге асырылып жатқан мемлекеттің құзыретті органының ұсынуы бойынша шешеді.

37-бап. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) рақымшылық жасау бойынша жазадан босатылған және туған-туыстары мен жақын жуықтары жоқ мүгедектер мен қарт адамдарды арнаулы интернат-үйлерге орналастыруға;

2) босатылған кәмелетке толмағандарды ата-аналарының, қорғаншы және қамқоршы органдардың қадағалауына беруге не қажет болған жағдайда оларды балалар үйіне, мектеп-интернаттарға немесе өзге де оқу орындарына жіберуге;

3) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған туберкулезбен ауыратындардың емделуді жалғастыруын бақылауды қамтамасыз етуге шаралар қабылдасын.

38-бап. Осы Заң күшіне енген күннен бастап алты ай ішінде орындалуға тиіс.

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК